

**«Қазгеология» АҚ-ның аудиторлық ұйымын таңдау рәсімінің  
қорытындылары туралы  
№ 3 ХАТТАМА**

**Астана қаласы**

**2023 жылғы 28 желтоқсан**

1. «Қазгеология» АҚ-ның орналасқан жері: Астана қаласы, Сығанақ 17Б,  
7-қабат

Отырыс 16 сағат 10 минутта ашылды

**Төрағасы:**

Мұхамбет Жұманазарұлы Көпеев «Қазгеология» АҚ Аудит комитетінің  
төрағасы, «Қазгеология» АҚ тәуелсіз  
директоры

**Қатысқандар**

**Комиссия мүшелері:**

Мұрат Әбдіқадырұлы Перзадаев Комиссия мүшесі  
«Қазгеология» АҚ Тәуелсіз директоры

Нариман Мәлісұлы Әбсәметов Комиссия мүшесі  
«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ  
Бизнесті дамыту жөніндегі директор

Дәурен Қанатұлы Әбуов Комиссия мүшесі  
(*дауыс беру құқығынсыз*) «Қазгеология» АҚ бас директорының  
экономика жөніндегі орынбасары

**Шешім қабылдауға арналған кворум бар.**

«Қазгеология» АҚ Жарғысының 129-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Жарғы және Қоғам) жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 36-бабы 1-тармағаның б) тармақшасына және 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің 2023 жылғы 12 қазандағы шешімімен («Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Басқарма отырысының № 30-23 хаттамасы) бекітілген Қоғам Жарғысының 58-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне «Қазгеология» АҚ-ның 2023, 2024, 2025 жылдардағы шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшері жатады.

Қоғам Жарғысының 69-тармағының 35) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне Қоғамның сыртқы аудитінің сапасы мен тәуелсіздігін бақылауды жүзеге асыру кіреді.

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның еншілес және тәуелді компаниялары үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі: «Қазгеология» АҚ (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы шешімімен (№ 193 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың аудиторлық ұйымын таңдау тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес жүзеге асырылады.

Тәртіп аудиторлық ұйымды таңдау кезінде меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы ұйымдардың корпоративтік стандарттарды сақтауы үшін міндетті.

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның еншілес және тәуелді компаниялары үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысу үшін «Қазгеология» АҚ келесі әлеуетті қатысушылардың ресми ұсыныстары ұсынылды:

№	Әлеуетті қатысушының атауы	Әлеуетті қатысушының орналасқан жері	Қатысуға өтінім берілген күн мен уақыт
1	«MAK Russell Bedford A+Partners» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 202-үй, 3-қабат	2023 жылғы 24 қараша 16 сағат 53 минут
2	«SFAI Kazakhstan» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 13, 2В блок, 801-кеңсе	2023 жылғы 22 қараша 16 сағат 44 минут

Әлеуетті Қатысушылардың қабылданбаған ұсыныстары жоқ.

Таңдау рәсіміне жоғарыда аталған екі компания ғана қатысқанына қарамастан, бәсекелестік рәсімі сақталады, аудиторлық ұйымды таңдау рәсімінің бірінші және екінші кезеңдері біріктіріледі. Әлеуетті қатысушылардың қорытындыларын шығару бекітілген өлшемшарттарды ескере отырып бетпе-бет 2023 жылғы 28 желтоқсанда 15 сағат 45 минутта жүргізіледі.

### Күн тәртібі

1. Ұсынылған құжаттардың Таңдау рәсіміне қатысуға арналған сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру, әлеуетті қатысушылар – «MAK Russell Bedford A+Partners» ЖШС және «SFAI Kazakhstan» ЖШС.

2. Тапсырыс беруші комиссиясының қорытынды қорытындысын шығаруы.

## Бірінші мәселе бойынша

Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелері Бағалау өлшемшарттарының тізбесін пайдалана отырып Тәртіптің келесі ұстанымдарға сәйкестігіне ресми конкурстық ұсыныстарды қарады:

- Компанияның қысқаша ұсынысы, жұмыс тәсілдері мен қызмет аспектілерінің қысқаша презентациясы;
- Аудит аяқталғаннан кейін белгіленген мерзімдерге қатаң сәйкестік;
- Салалық тәжірибесі мен жобаларды басқару дағдылары мол команданың болуы;
- Сертификатталған мамандардың жеткілікті саны (**АССА/ДипИФР**).

Аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін өткізу кезінде Тапсырыс берушінің Комиссиясы Тапсырыс берушіге қатысты **«МАК Russell Bedford A+Partners»** ЖШС және **«SFAI Kazakhstan» ЖШС** компанияларының тәуелсіздігі туралы қорытынды шығарды.

## Екінші мәселе бойынша

Бірінші сұрақтың нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелері ұсыныстардың сапасы мен бағасы бөлігінде пікір алмасты және бағалау Парақтарын толтырды (№ 1 қосымша).

Жұмыс органы Тапсырыс берушінің Комиссия мүшелерінің толтырылған Бағалау парақтарын қарады.

Қарау нәтижесі:

1. **«МАК Russell Bedford A+Partners» ЖШС** – ҚҚС есебімен 43 243 300 теңге және ҚҚС-сыз 38 610 000 теңге жиынтық бағасымен Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестігі анықталды.

2. **«SFAI Kazakhstan» ЖШС** – ҚҚС есебімен 42 840 000 теңге және ҚҚС-сыз 38 250 000 теңге жиынтық бағасымен Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестігі анықталды.

Бұдан әрі Тапсырыс берушінің Комиссиясы қорытындыны шағарды және бәсекелес ұсыныстарды келесі тәртіппен анықтады:

1. Бірінші орын – **«SFAI Kazakhstan» ЖШС** (талаптарға толық сәйкестік);
2. Екінші орын – **«МАК Russell Bedford A+Partners» ЖШС**.

Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелері күн тәртібін қарап:

1. Өткізілген отырыс нәтижесінде Тапсырыс берушінің Комиссиясы жеңімпаз ретінде – **«SFAI Kazakhstan» ЖШС-ны** ұсынды. Қызмет **«Қазгеология» АҚ-ның** 2023, 2024, 2025 жылдарға арналған ҚҚС есебімен жалпы сомасы 42 840 000 теңгеге және ҚҚС-сыз 38 250 000 теңгеге жеке қаржылық есептілігінің аудитін қамтиды.

2. Жұмыс органы Тапсырыс беруші Комиссиясының отырысынан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қатысушыларға қорытындылар туралы осы хаттаманың көшірмесін жіберсін.

3. Жұмыс органы Тапсырыс беруші Комиссиясының отырысынан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы қорытындылар туралы хаттаманың көшірмесін <https://tks.kz/> веб-сайтына орналастыруды жүзеге асырсын.

Тапсырыс беруші Комиссиясының отырысы 16 сағат 10 минутта жабылды.

**Комиссия төрағасы**

**М. Көпеев**

**Комиссия мүшелері**

**М. Перзадаев**

**Комиссия мүшелері**

**Н. Әбсәметов**

**Комиссия мүшесі** (*дауыс беру құқығынсыз*)

**Д. Әбуов**

**Комиссия хатшысы**

**Е. Фесак**